«Бауыржан Момышұлы атындағы жалпы білім беретін мектеп» КММ қыркүйек айының бракераж ақпары

2026 жылғы 19 қазанда «Бауыржан Момышұлы атындағы жалпы білім беретін мектеп» КММ-нің мектеп асханасында бракераждық тексеру жүргізілді.

Тексеруге тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Г.М. Мұхитбековна, әлеуметтік педагог А.С. Естенова, мектеп медбикесі М.К. Сатбекова, кәсіподақ төрайымы Ж.М. Ершаева және қамқоршылық кеңесінің төрайымы Б.О. Шаймерден қатысты.

Тексеру барысында мектеп асханасында тамақтандыруды ұйымдастыру жағдайы, асхананың санитариялық тазалығы, ас мәзірінің болуы және оның ұсынылатын тағамдарға сәйкестігі, дайындалған тағамдардың түрлері мен дәмдік сапасы, сондай-ақ пайдаланылатын азық-түлік өнімдерінің сапасы қаралды.

Тексеру нәтижесінде асхананың санитариялық жағдайы қанағаттанарлық екені анықталды. Ас мәзірі бар, ұсынылатын тағамдар мәзірге сәйкес келеді. Дайындалған тағамдардың дәмі мен азық-түлік өнімдерінің сапасы тексерілді.

Асхана қызметкерлерінің сыртқы келбеті таза, арнайы бас киімдері бар. Асханада күнделікті тазалық жұмыстары жүргізіліп, санитариялық тазалықты сақтау талаптары орындалады.

Қорытынды: жүргізілген тексеру нәтижесінде мектеп асханасының санитариялық жағдайы жақсы деп бағаланды. Тамақтандыруды ұйымдастыру, азық-түлік өнімдерінің сапасын бақылау және санитариялық тазалықты сақтау жұмыстары тұрақты түрде жүргізілуі қажет.






